

Атырау облысы
денсаулық сақтау басқармасының
«№7 Атырау қалалық емханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын
жұмыскерлерінің арасындағы 2017-2019
жылдарға ҰЖЫМДЫҚ ШАРТЫНА
2- қосымша
«№7 Атырау қалалық емханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын
ұжымының 2018 жылғы 5-ші қарашадағы
жалпы жиналысы шешімімен қабылданған

4.5.1- тармақтың в) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

Жұмыс берушінің өндірістік қажеттілігіне орай, мекеме бойынша беркілген жылдық оқу жоспарына және оған бөлінген бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражат мүмкіндігіне сәйкес, жұмыскерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау курсынан өткізуді жүзеге асыру.

4.5.4- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Жас және мекемеге аса қажетті маман шақыртумен жұмысқа алынғанда, оған емхананың бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражат мүмкіндігіне байланысты, 70 еселік айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде көтерме жәрдем ақы төленеді.

4.5.5- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Жас және мекемеге аса қажетті маман шақыртумен жұмысқа алынғанда, оған емхананың бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражат мүмкіндігіне байланысты, тұрғын үй-жайды жалға алу шығыстарының 50 пайызы мекеме есебінен төленеді.

5.1- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Емхана Жарғысының 24 тармағы, б) тармақшасы және 50 тармағына сәйкес еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақылардың мөлшерлерін, сыйлық беру және өзге сыйақы жүйесін еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес белгілейді.

Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу нысандарының жүйесі мен мөлшері осы ұжымдық шартқа және Жұмыс берушінің еңбек жағдайлары мен оған ақы төлеу мәселелері бойынша жасалған «Еңбек ақы төлеу жүйесін ұйымдастыру туралы Ережеге» сәйкес белгіленеді.

5.8- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Жұмыскерлердің өзінің лауазымдық міндеттерін тиянақты орындағаны, өзінің кәсіби біліктілігін көтергені, осы Ұжымдық шарттың тараптарын сақтағаны, шығармашылық ынтагерлік танытқаны үшін, Жұмыс беруші

Жұмыскердің еңбекақысын бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражат мүмкіндігіне байланысты көтеруге құқылы.

5.15.1- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Сол бір ұйымда, еңбек шартында көзделген өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа немесе осындай лауазым бойынша қосымша жұмыс орындайтын не уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін өзінің негізгі жұмысынан босатылмай орындайтын жұмыскерлерге мекеменің бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражаты мүмкіндігіне қарай қосымша ақы пайыздық төлем көлемінде жүргізіледі.

5.18- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Кредиторлық берешек болмаған жағдайда тиісті денсаулық сақтау ұйымын ұстауға көзделген кәсіпорынның бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражаты есебінен денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық емес жұмыскерлерінің лауазымдық айлық ақысына ынталандыру үстемесін, сыйақы және материалдық көмек белгілеу қамтамасыз етіледі.

7.1- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Медицина жұмыскерлеріне еңбек ақысы сақтала отырып, мекеменің бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражаты мүмкіндігіне қарай жұмыс қорытындылары бойынша өте жақсы көрсеткішке ие болған, айыппұл жазасын алмаған жұмыскерлерге сыйақы беріледі.

7.6- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Емхананың қаражаты жағдайына байланысты, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы №429 бұйрығы негізінде, құрылған комиссияның шешіміне орай, мекеменің бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражаты есебінен жұмыскерлерге тоқсан сайын дифференциалды қосымша ақы төленеді және бұл тұрақты сипаттағы емес төлем болып есептеледі.

9.2- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Кәсіпорынның жұмысы ерекшеліктеріне сәйкес кейбір емхана жұмыскерлеріне аусымдық жұмыс уақыты таңертегі 8.00-де басталып, кешкі 20.00-де аяқталады. Бұл кезде, жұмыс ұзақтығы мекеме бойынша аусымды кестелерге сәйкес белгіленеді, тынығу және тамақтануға арналған үзіліс уақыты бір сағат. Емхана жанынан құрылған 4-ші категориялы жедел-жәрдем көмегі қызметкерлерінің (фельдшер, көлік жүргізушілер, санитарлар) жұмыс кестесі жұмыс берушінің, кәсіподақ ұйымының және мобильдік топ қызметкерлерінің келісімдерімен тәуліктік (24 сағат) болып белгіленсін.

9.4- Жұмыскерлерге демалыстар беру кестесі Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексіне сәйкес, ұзақтығы кем дегенде 24 (жиырма төрт) күнтізбелік жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі. Медицина жұмыскерлерінің жыл сайынғы еңбек демалысының ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болып белгіленеді, бірақ еңбек демалысына ақы төлеу, осы демалыстың сенбі, жексенбі күндерінен басқа күндерге, яғни тек жұмыс күндеріне ғана төленеді.

- Бас дәрігерге, бас дәрігердің орынбасарларына күнтізбелік 30 (отыз) күн;

- Дәрігерлерге, провизорға және медбикелерге күнтізбелік 30 (отыз) күн;

- Дәрігер рентгенологтарға, рентген лаборанттарға, УДЗ дәрігерлері мен медбикесіне, дәрігер эндоскопистке, дәрігер физиотерапевтіге, фтизиатрға, фтизиатр медбикеге, дефектолог-логопедке, физиотерапия медбикесіне, эндоскопист медбикесіне, жедел жәрдем фельдшеріне күнтізбелік 42 (қырық екі) күн;

- Психологтар мен әлеуметтік жұмыскерлерге - күнтізбелік 30 (отыз) күн;

- Емхана әкімшілігінің жұмыскерлеріне (есепшілер, маман инспекторы, заңгер, экономист, іс жүргізушісі, ЭЕМ операторы, мұрағат тіркеушісі, программист, электрик, шаруашылық меңгерушісі, т.б.), автокөлік жүргізушілерге ұзақтығы күнтізбелік 30 (отыз) күн еңбек демалысы беріледі. Ақы төлеу тәртібі медицина жұмыскерлердікіндей. Ал, тазалықшыларға, қожабикеге, күзетшілерге, киім үтіктеушіге, аула сыпырушыға, курьерге, т.с.с. еңбек демалысының ұзақтығы күнтізбелік 24 (жиырма төрт) күн болып белгіленеді. Бірақ, демалыс ақысы осы демалыстың сенбі, жексенбі күндерінен басқа күндерге, яғни тек жұмыс күндеріне ғана төленеді.

Жұмыскерлерге еңбек демалысына шыққанда, емхананың бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаржылық мүкіндігіне байланысты, айлық жалақы көлемінің 70 пайыздық мөлшерінде сауықтыру жәрдем ақы төленуге жатады, бұл тұрақты сипаттағы емес төлем болып есептеледі.

10.3.- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Зейнеткерлікке жеткен емхана жұмыскерлеріне жұмыстан кеткен жағдайда 1 (бір) айлық еңбекақы көлемінде мекеменің бюджеттік немесе бюджеттен тыс түскен қаражат есебінен қосымша ақы төленсін.

10.4.- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Жұмыскердің қайтыс болуы немесе өзімен бірге туған туысканы қайтыс болған жағдайда мекеменің бюджеттік немесе бюджеттен тыс түскен

қаражаттан бір айлық еңбекақысы көлемінде және жұмыскердің отбасы жағдайы бойынша берілген жеке арыздары қаралып мекеме басшысымен және кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша (көп балалы отбасы, асыраушысынан айырылған, әлеуметтік жағдайы төмен жұмыскерлерге) материалдық көмек көрсетіледі.

10.5- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Жұмыскер 50, 60 мерей жасқа толғанда бір айлық еңбекақысы көлемінде мекеменің бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражаты есебінен қосымша еңбекақы төленеді.

10.7- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Өндірістік қажеттілігіне байланысты, кәсіпорынның жұмыс істеуі мен дамуы үшін мекеменің бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражатының мүмкіндігіне сәйкес, жұмыскерлердің қысқа мерзімді білімін жетілдіруге шыққан шығын жұмыс берушіден төленеді.

10.8- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Емхана кәсіподақ комитеті мен Жұмыс беруші өкілдерінен құралған тараптардың шешімі негізінде ұлттық мерекелік күндерді атап өту, емханаға келушілерге арналған медициналық шараларды өткізу, мекеме бойынша өткізілетін мәдени, спорттық және басқа да қажетті шараларды ұйымдастыру мақсатында, кәсіпорынның бюджеттік немесе бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаражат бөлінеді.

Тараптардың қолтаңбалары

Жұмыс берушінің атынан


Айдаралиев С.Ж.

2018 жылғы « 5 » қараша



Жұмыскерлердің атынан:


Мадиева С.А.

2018 жылғы « 5 » қараша

